



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№

304-Ө
01.12.2025

№

**«Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері
жөніндегі сараптамалық кеңесті құру
туралы» «Еңбек ресурстарын дамыту
орталығы» АҚ президентінің 2024
жылғы 9 наурыздағы № 76-Ө бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңесті құру туралы» «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президентінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 76-Ө бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қоғамның вице-президенті Т.Ж. Аслялиевке жүктелсін.»;

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қоғам президенті

Е. Жұманбаев

«Еңбек ресурстарын дамыту
орталығы» АҚ президентінің
2025 жылғы « 01 » 12
№ 304-Ө бұйрығына
1-қосымша

«Еңбек ресурстарын дамыту
орталығы» АҚ президентінің
2024 жылғы 29 наурыздағы
№76-Ө бұйрығына
1-қосымша

**Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері
бойынша Сараптамалық кеңес
ережесі**

Астана қ., 2025 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сараптамалық кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 16-бабы 1) тармақшасын және «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сараптамалық кеңес (бұдан әрі - Сараптамалық кеңес, Кеңес) консультативтік-кеңесші орган болып табылады және Ұлттық біліктілік жүйесі (бұдан әрі - ҰБЖ) саласында ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

3. Сараптамалық кеңестің жұмыс органы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және ол:

ҰБЖ мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсету қызметтерін жүзеге асыруға;

біліктіліктер саласындағы цифрлық шешімдердің әдіснамалық сүйемелдеуін қамтамасыз етуге уәкілетті.

2-тарау. Сараптамалық кеңестің мақсаттары мен өкілеттіктері

4. Сараптамалық кеңестің мақсаттары мен өкілеттіктері мыналар болып табылады:

1) ҰБЖ шеңберінде кәсіптік біліктіліктерді тану жүйесінің нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

2) реттеушілік шешімдер әзірлеу, стандарттар мен рәсімдерді келісу, ҰБЖ-ны мемлекеттік саясатпен ықпалдастыру;

3) жұмыс берушілермен тұрақты байланыстарды қолдау, кәсіптік стандарттарды келісу, еңбек нарығының қажеттіліктерін бағалау;

4) кәсіптік стандарттарды қалыптастыру, біліктіліктердің өзектілігін бағалау;

5) білім беру бағдарламаларын кәсіптік стандарттармен келісу, бағалау материалдарын әзірлеуге қатысу;

6) тиісті талдамалық және сараптамалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, әдіснамалық сүйемелдеу;

7) ҰБЖ-ның негізгі құралдарын дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу;

8) ҰБЖ қатысушыларының жұмыс істеу тиімділігі мен өзара іс-қимылына талдау жүргізу;

9) ҰБЖ-ны дамыту және еңбек ресурстарының әлеуетін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарларын қарау және талқылау;

10) ҰБЖ шеңберінде кәсіптік біліктіліктерді тану мәселелерін реттейтін құқықтық актілерді, әдістемелік ұсынымдарды және өзге де құжаттарды қабылдау қажеттілігі бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

3-тарау. Сараптамалық кеңестің қызметін ұйымдастыру

5. Сараптамалық кеңес Қоғамның жоғары білікті мамандарынан құрылады. Сараптамалық кеңестің құрамы төрағадан, төрағаның орынбасарынан және мүшелерден тұрады және Қоғам Президентінің бұйрығымен бекітіледі. Кеңестің төрағасы болып Қоғамның Президенті табылады.

6. Сараптамалық кеңестің құрамына келісім бойынша келесі тұлғалар да енгізілуі мүмкін:

салалық мемлекеттік органдардың өкілдері;

«Атамекен» ҰКП өкілдері;

жұмыс берушілер және олардың бірлестіктерінің өкілдері;

кәсіподақтар;

білім беру ұйымдарының (техникалық, кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі) өкілдері;

түрлі салалардағы (салалық) өзге де мүдделі ұйымдардың өкілдері;

ғалымдар, әдіснамашылар және тәуелсіз сарапшылар.

7. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау кезінде тең құқықтарға ие. Шешімдер көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

8. Сараптамалық кеңестің отырыстарын ұйымдастыруды және материалдарды дайындауды, сондай-ақ отырыс хаттамасын ресімдеуді және оған қол қоюды Сараптамалық кеңестің хатшысы жүзеге асырады.

Хатшы Қоғамның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің қызметкері болып табылады және Кеңес мүшесі болып саналмайды және дауыс беру құқығы жоқ.

9. Сараптамалық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

10. Сараптамалық кеңестің барлық шешімдері хаттама түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

«Еңбек ресурстарын дамыту
орталығы» АҚ президентінің
2025 жылғы « 01 » 12
№ 304-Ө бұйрығына
2-қосымша

«Еңбек ресурстарын дамыту
орталығы» АҚ президентінің
2024 жылғы 29 наурыздағы
№76-Ө бұйрығына
2-қосымша

**Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері жөніндегі Сараптамалық кеңестің
құрамы**

№	Т.А.Ә.	Лауазымы және жұмыс орны
1.	АСЛЯЛИЕВ Тахир Жастлекұлы	«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ вице-президенті, Сараптамалық кеңестің төрағасы
2.	ЖҮНІСОВ Ернат Гапуұлы	«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ басқарушы директоры, Сараптамалық кеңестің төраға орынбасары
3.	АХМУРЗИНА Ләззат Жексенбайқызы	«Kazenergy» қауымдастығының атқарушы директоры, Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай- газ химиясы салалары бойынша салалық кеңестің төрайымы, Сараптамалық кеңестің төраға орынбасары
4.	САФАРОВА Сахибжамал Әділбекқызы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің Еңбекті нормалау және ұлттық біліктілік жүйесін дамыту саясаты басқармасының басшысы
5.	ШОНАЕВА Лязат Жаббарқызы	«Атамекен» ҚР ҰКП Адами капиталды дамыту департаменті директорының орынбасары, ғылым және жоғары білім саласындағы кәсіптік біліктілік салалық кеңес мүшесі
6.	МҰХАМБЕТОВА Әмина Ақзаттықызы	ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы Жоғары білім мазмұны басқару офисінің басшысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік-еңбек саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес мүшесі

7.	РАИСОВА Гүлмира Болатқызы	ҚР HR-менеджерлер қауымдастығы үйлестіру кеңесінің президенті, әлеуметтік-еңбек саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңестің төрайымы
8.	УВАЛЕЕВ Жоламан Есемсеитұлы	ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Ақпараттық технологиялар саласын дамыту департаментінің біліктілік мәселелері жөніндегі сарапшысы, ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңестің төрағасы
9.	ЗАИТОВА Светлана Александровна	«Қазақстандық тіркелім» ЗТБ ӨӨРҰ президенті, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы салалық кеңестің төрайымы
10.	КОЙКОВ Виталий Викторович	ҚР Денсаулық сақтау министрінің кеңесшісі, денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңестің төрағасы
11.	МӘЛІБЕКОВ Алдаберген Қадырбекұлы	«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ кафедра меңгерушісі (Тараз қаласы), су қоры мен су пайдалануды қорғау, сумен жабдықтау, су бұру және ирригация саласындағы салалық кеңестің төрағасы
12.	АЙМАҒАМБЕТОВА Раушан Жанатқызы	«Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК Ғылыми-зерттеу жұмысы және оқыту департаментінің басшысы, техникалық реттеу және метрология саласындағы салалық кеңестің төрайымы
13.	МАХАМБЕТОВ Сәкен Аралбайұлы	«Шаңырақ» тұрғын-үй саласындағы басқару, сервистер және энергосервистер субъектілерінің қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қауымдастығының төрағасы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңестің төрағасы
14.	ИСАБЕКОВ Марат Ұланұлы	«KAZLOGISTICS» корпоративтік қорының директоры, автомобиль көлігі саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес мүшесі
15.	ШАЙКЕНОВА Рашида Рашидқызы	Тәуелсіз сарапшы, «Қазақстан туристік қауымдастығы» ЗТБ директоры, туризм саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес мүшесі
16.	КРУЧ Анастасия	«Еуразиялық топ» ЖШС персонал және мәдениет жөніндегі бас директордың орынбасары

17.	АХМЕТОВА Айгүл Сапарғалиқызы	«ГК АПUR» Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі
18.	ӘМІР Қымбат Қайыркенқызы	ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Талар» КЕАҚ техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұны және әдістемесі басқармасының басшысы
19.	СВЕРДЛОВА Елена Александровна	«Қарағанды цифрлық технологиялар және дизайн колледжі» КМҚК директорының орынбасары, ақпараттық технологиялар саласындағы салалық кеңес мүшесі
ТАЛҒАРҚЫЗЫ Алуа		«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Әдіснамалық қолдауды талдау және дамыту департаменті директорының орынбасары, Сараптамалық кеңестің хатшысы